

## «ТІЛДІК ОРТАДА ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНА ОРЫС ТІЛІН ҮЙРЕТУ ӘДІСІ: ТӘЖІРИБЕМЕН АЛМАСУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар және ЖОО дайындық кафедрасында 2016 жылы 9 желтоқсанда Литва Эдукологиялық университеті (Вильнюс, Литва) филология ғылымдарының докторы, орыс филологиясы мен мәдениетаралық қатынас кафедрасының меңгерушісі Йовит Русецкая қатысуымен «Тілдік ортада шетел азаматтарына орыс тілін үйрету әдісі: тәжірибемен алмасу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде орыс тілін шет тіл ретінде оқытудың әдістері талқыланды. Й.Русецкая түріктілді аудиторияға орыс тілін үйретудегі тәжірибесімен бөліссе, біздің оқытушылар қытай тілді аудиторияға қолданатын интербелсенді технологиялар, әдістер мен амалдар тәжірибелерімен бөлісті.

Кафедра оқытушылары доктор Й. Русецкаяға кафедра студенттері мен магистранттарына өткізген сабағына алғысын білдіріп, факультет деканы, профессор Х.Н. Жанбеков пен кафедра меңгерушісі С.Б. Бегалиева қонаққа сыйлықтар табыстап, алдағы уақыттағы белсенді ынтымақтастыққа үміт білдірді.



Ақпаратты дайындаған проф. Б.С.Балғазина